# Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапары және Қазақстан-словак сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының екінші мәжілісі барысында 2001 жылғы 14-15 қарашада Астана қаласында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қаңтар N 30

Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында 2001 жылғы 14-15 қарашада қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-словак ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапары және Қазақстан-словак сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының екінші мәжілісі барысында 2001 жылғы 14-15 қарашада Астана қаласында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде тиісті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы хабарлайтын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қаңтардағы
N 30 қаулысымен
бекітілген

Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапары және Қазақстан-словак сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының екінші мәжілісі барысында 2001 жылғы 14-15 қарашада Астана қаласында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Шарттық-құқықтық базаны кеңейту: | | |
| | Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға әзірлеу: | | |
| | 1) Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасының арасындағы конвенция табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы | 2002 жылдың I жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім | 2002 жылдың I жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. нің Инвестициялар жөнін. дегі комитеті |
| | 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словак Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім | 2002 жылдың I жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. лар министрлігі |
| | 4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Словак Республикасының Білім министрлігі арасындағы білім және | 2002 жылдың I жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | | |
| 2 | Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту: | ұдайы | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (жинақтау), |
| | 1) құрылыс, машина жасау, полиграфия, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі саласында:<br>- Қазақстан Республикасының жаңа елордасы Астана қаласын салуда словак құрылысшыларының қатысуы мәселесін пысықтау;<br>- "ҚазСловБус" акционерлік қоғамы, "ҚазАгзат" акционерлік қоғамы Қазақстан-Словак кәсіпорындарының базасында автобустар мен ауыл шаруашылық техникасын шығару жөніндегі бірлескен өндірістерді ұйымдастыру мүмкіндігін қарау;<br>- "Оңтүстік Қазақстан машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамы (Оңтүстік Қазақстан облысы, Ақсу селосы), "Экскаватор" ашық акционерлік қоғамы (Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы) базасында автожол техникасының бірлескен өндірісін құру мүмкіндігін зерттеу;<br>- Словакиядағы целлюлоза-қағаз комбинатын салу жөніндегі жобаны іске асыруға Қазақстанның қатысу мүмкіндігін қарау;<br>- "NEOGRAFIA" словак фирмасының (Мартин қаласы) полиграфиялық технологиясын пайдалану мүмкіндігін қарау | 2002 жылдың I жартыжылдығы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Астана қаласының әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| | 2) электр энергетикасы, мұнай-газ, | 2002 | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | резина-техникалық өнеркәсібі саласында:<br>- "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны өткізетін тендерлерге "Компэл" словак фирмасы қатысқан жағдайда, фирманың вагондар мен тепловоздар беру және жөндеу жөніндегі ұсыныстарын қарау;<br>- "Матадор" словак компаниясының шиналарды өндіру, қайта қалпына келтіру және кәдеге жарату жөніндегі ұсыныстарын қарау;<br>- "Словак энергетика зауыты" акционерлік қоғамының (Тлмаче қаласы) ескірген бу қазандық паркін жаңғырту және отын жағудың қазіргі заманғы әдісіне аудару жөніндегі технологияларды қолдау туралы, сондай-ақ қоқыс жағатын жылу электр станцияларын салу үшін жобаларды бірлесіп әзірлеу әрі жабдықтар беру жөніндегі ұсыныстарын қарау;<br>- "Ковохуты" словак кәсіпорнына (Кромпахи қаласы) қазақстандық катодтық мыс беру мүмкіндігін қарау;<br>- Қазақстанның мұнай өндіруші компанияларына қазақстандық мұнайды Словакияның мұнай өңдеу зауыттарына жеткізуді және осы бағыт бәсекеге қабілетті болған жағдайда оның аумағы арқылы транзитті ұйымдастыруына септік жасау | жылдың ішінде | Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлі. гі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Батыс Қазақстан облысының әкімі, Атырау облысының әкімі, Павлодар облысының әкімі, Қостанай облысының әкімі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша), "Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясы" жабық акцио. нерлік қоғамы (келісім бойынша), "Мұнай және газ тасымалы" ұлттық компаниясы" жабық акцио. нерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 3 | Көлік және коммуникациялар саласындағы ынтымақтастықты | ұдайы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. |

| | | |
|---|---|---|
| | дамыту:<br>1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен "Словрэйл" көлік компаниясы арасында;<br>2) "Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз көлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мен "Мартимэкс" акционерлік қоғамы арасында | лар министрлігі,<br>"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша),<br>"Қазтеңізкөлікфлоты" ұлттық теңіз көлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 4 | Әскери-техникалық салада Словак DMD hoLding пен VRN компаниялары. мен ынтымақтастықты дамыту:<br>1) әскери, оның ішінде авиациялық техниканы жөндеу және жаңғырту бойынша;<br>2) бірлескен кәсіпорындар құру бойынша;<br>3) кадрлар даярлауда | ұдайы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, "Сауытты-танк жөндеу зауыты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) |
| 5 | Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты дамыту:<br>1) ауыл шаруашылық өнімін өндіру және ұқсату бойынша;<br>2) ауыл шаруашылық өнімдерін өзара тиімді экспорттық жеткізу бойынша;<br>3) тәжірибе және ақпараттық материалдар алмасуда;<br>4) Қазақстанда ірі қараның тұқымдарын жақсарту жөніндегі бірлескен жұмысты жалғастыру бойынша | ұдайы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 6 | Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталар одағы мен Словак Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасының арасындағы екі ел арасындағы іскерлік | ұдайы Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталар одағы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | топтардың байланыстарын кеңейту жөніндегі ынтымақтастықты дамыту | | |
| 7 | Туризм саласындағы ынтымақтастықты жандандыру:<br>1) Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасының туристік мүмкіндіктері туралы мәліметтер алмасу;<br>2) шарттық-құқықтық ақпаратпен, жоспарлау және басқару тәжірибесін алмасу;<br>3) екі елдің туристік инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды өзара тарту | ұдайы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлі. гінің Инвестициялар жөніндегі комитеті |
| 8 | Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту:<br>1) білім беру ұйымдарын және ғылыми мекемелерді тіркеу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;<br>2) мамандарды даярлау сапасын бақылау нысандары мен әдістері бойынша тәжірибе алмасу;<br>3) ғылыми зерттеулерді дамыту | ұдайы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 9 | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Словакия Республикасына ресми сапарын ұйымдастыру | 2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа қатерлерімен: терроршылдықпен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күресуде ынтымақтастық пен күш-жігерді үйлестіру | ұдайы | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті |
| 11 | Қазақстан-словак сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру туралы есеп беру | жарты жылда бір рет | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (жинақтау), Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті, Қазақстан |

Республикасының Туризм
және спорт жөніндегі
агенттігі, Астана
қаласының әкімі, Алматы
қаласының әкімі,
Оңтүстік Қазақстан
облысының әкімі,
Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі, Батыс
Қазақстан облысының
әкімі, Атырау облысының
әкімі, Павлодар
облысының әкімі,
Қостанай облысының
әкімі, Қазақстан
Республикасының Сауда-
өнеркәсіп палаталар
одағы (келісім
бойынша), "Қазақстан
темір жолы"
республикалық мемлекет.
тік кәсіпорны
(келісім бойынша),
"Қазтеңізкөлікфлоты"
ұлттық теңіз көлік
компаниясы" (келісім
бойынша), "Сауытты-танк
жөндеу зауыты"
республикалық мемлекет.
тік кәсіпорны (келісім
бойынша), "Қазақойл"
ұлттық мұнай компаниясы"
жабық акционерлік
қоғамы (келісім
бойынша), "Мұнай және
газ тасымалы" ұлттық
компаниясы" жабық
акционерлік қоғамы
(келісім бойынша)

Мамандар:
Қасымбеков Б.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК